

**«Қ. БІТІБАЕВА ӘДІСТЕМЕСІ» ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ТОБЫНЫҢ
ТҰЖЫРЫМДАМАСЫ**

Шығармашылық топ атауы	«Қ. Бітібаева әдістемесі»
Шығармашылық топ мақсаты	Қазақ тілі мен әдебиетін оқытуда Қ.О. Бітібаеваның әдістемесіне, «Ой тастау, ойланту, ойлау» технологиясына талдау жасап, жүйелеу, ұстаздың озық әдістемесін қолданыстағы оқу бағдарламасымен сабақтастықта тәжірибеде қолдану және тарату.
Шығармашылық топ міндеттері	<ul style="list-style-type: none"> - Қ.О. Бітібаеваның қазақ тілі мен әдебиетін оқытудағы әдістемесі мен технологиясын жинақтап, талдау жасап, оны тәжірибеде қолдану жолдарын ұсыну; - Жинақталған тиімді тәсілдерді зерделей отырып, оны қазіргі білім берудегі жаңа талаптарға сәйкес, нәтижеге бағытталған білім беру үдерісінде жаңғырта пайдалану жолдарын қарастыру, тәжірибеден өткізе отырып, тиімділігін дәлелдеу; - Қ.О. Бітібаеваның педагогикалық тәжірибесін кеңінен насихаттау, ұстаздың оқулықтары мен оқу құралдарын, оқу-әдістемелік құралдарын, ғылыми-әдістемелік мақалалары мен авторлық бағдарламаларын, бай дидактикалық материалдар қорын саралай талдап, ұстаздың педагогикалық идеялар банкін құру; - Қ. Бітібаеваның қазақ тілі мен әдебиетін оқытудағы әдістемесі мен технологиясын заманауи білім беру технологияларымен сабақтастыра отырып, қазақ тілі мен әдебиетін жаңаша оқыту жолдарын ұсыну.
Шығармашылық топ құру негіздемесі	<ol style="list-style-type: none"> 1. Астана қаласы, №64 мектеп-лицейде 2011 жылдың 14 желтоқсанында ашылған Қ.О Бітібаева атындағы ғылыми-әдістемелік зертхана бөлімшесінің бұйрығы №1205; 2. №72 мектеп-лицейде ашылған «Қ.О. Бітібаеваның оқу-әдістемелік кабинет оқу кабинетінің» 2016 жылғы 1 тамыз №251 бұйрығы.
Шығармашылық топ құру мен жүзеге асырылуы туралы қабылданған шешім, күні мен негізі	Сауалнама 2023 ж., 2023 жылдың 21 сәуір күнгі «Қ. Бітібаева әдістемесінің өміршеңдігі» атты қалалық дөңгелек үстел қорытындысының қарары. 2023 жылы 21 сәуір қалалық қазақ тілі мен әдебиеті пәні бірлестігі отырысының шешімі, №4

Шығармашылық топ құру бастамасы	Астана қаласы қалалық қазақ тілі мен әдебиеті пәні бірлестігі, Педагогтер қауымдастығы, Шығармашылық топ
Шығармашылық топ жоспарын әзірлеушілер	Астана қаласы әкімдігінің «Әдістемелік орталығы» МКҚК әдіскері Жанар Маман Сейтахметқызы, №64 мектеп-лицейіндегі Қ.О. Бітібаева атындағы ғылыми-әдістемелік зертхана бөлімшесі, №72 мектеп лицейіндегі Қ.О. Бітібаева атындағы оқу-әдістемелік кабинеті
Шығармашылық топ жұмысын ұйымдастыру	<ul style="list-style-type: none"> - Шығармашылық топ жетекшісі, ғылыми жетекші мен кеңесшілері топтың барлық жұмыстарына, оның ішінде оқу әдістемесін, ғылыми зерттеу жұмыстарын ұйымдастыруға және оның нәтижесіне жауап береді. - Шығармашылық топ жетекшілері топ мүшелерін таңдап алады, олардың жұмысына бақылау жасайды. - Шығармашылық топ жұмысына ғалымдарды, республика көлемінде ғылыми-зерттеушілік құзыреттілікке ие, дарынды, жаңашыл ұстаздарды тарта алады. - Инновациялық және эксперименттік ізденістерді саралай отырып, оны қолдайды. Сондай-ақ авторлық бағдарламалар, басқа да жаңашыл ізденістерді ұйымдастырып, көмек жасай отырып, олардың тәжірибеге енуіне басшылық жасайды. - Шығармашылық топтың бүкіл іс-әрекеті мұғалімдерді зерттеуші мұғалім, экспериментатор мұғалім деңгейіне көтеру жолдарын айқындауға бағытталады. - Мұғалімдердің өз тәжірибесін зерттеп, диагностикалық талдау жасап, жаңашыл идеялар мен ізденістерді қолдап, олардың тәжірибесін қала көлеміне тарату ісімен айналысады. - Шығармашылық топ жетекшісі, ғылыми жетекші мен кеңесшілер топтың барлық жұмыстарына, оның ішінде оқу әдістемесін, ғылыми зерттеу жұмыстарын ұйымдастырудың нәтижесіне жауап береді. - Шығармашылық топтың мүшелерін таңдап алады, олардың жұмысына бақылау жасайды. <p>Шығармашылық топ отырысы: әр айдың соңғы бейсенбісінде өткізу жоспарланады (онлайн/офлайн форматта).</p>
Шығармашылық топ жұмысының бағыттары	<ul style="list-style-type: none"> - Қ.О. Бітібаеваның озық педагогикалық идеяларын зерделеу; - «Ой тастау, ойланту, ойлау» технологиясын қолданыстағы оқыту бағдарламасымен сабақтастыра қарастыру; - Қ.О. Бітібаеваның әдістемесінің өзектілігін тану;

	<ul style="list-style-type: none"> - «Ой тастау, ойланту, ойлау» технологиясын сабақта қолдану ерекшелігін қарастыру; - Қ.О. Бітібаеваның «Ой тастау, ойланту, ойлау» технологиясын жаңғырту, оқу үдерісінде қолдану.
Күтілетін нәтижелер	<ul style="list-style-type: none"> - Қ.О. Бітібаеваның әдістемесі бойынша сабақ үлгілерін дайындау (бейне түсірілім); - авторлық эксперименттік бағдарлама, әдістемелік құралдар жазу, дидактикалық материалдар дайындау; - қала, республика көлемінде оқыту семинарлары, курстар, олимпиадалар, педагогикалық оқулар мен ғылыми-тәжірибелік конференциялар т.б. өткізу; - республика көлеміндегі Қ. Бітібаева зертханалары арасында шығармашылық байланыс орнату, зертханалар жұмыстарын насихаттау мақсатында ғылыми-әдістемелік экскурсиялар ұйымдастыру; - шығармашылық көрме және имидждік жұмыстар қызметін ұйымдастыру; - зертхана мен әдістемелік кабинетінде жоспарлы түрде қалалық, республикалық, халықаралық семинарлар, ғылыми тәжірибелік конференциялар, дөңгелек үстелдер, шығармашылық конкурстар (квест, жоба сабақтары арқылы гипотезаларды ұсыну, зерттеу сұрақтарын құрастыру, деректерді талдау, әртүрлі көзқарастарды салыстыру, нәтижелер мен қорытындыларды шығару, өзінің ұстанымын анықтау), түрлі тақырыпта TEDx өткізу, ұйымдастыру.
Шығармашылық топ жоспарын жүзеге асыру кезеңдері мен мерзімдері	<p>2023-2024 – зерделеу;</p> <p>2024-2025 – практикадан өткізу;</p> <p>2025-2026 – тәжірибе тарату;</p> <p>2026-2028 – нәтиже (құрал жазу, қорғау, әдістемелік ұсынымдар, нұсқаулық т.б.).</p>
Шығармашылық топ жұмысын ұйымдастыру және бақылау	Шығармашылық топ жетекшілері мен ғалымдар, кеңесшілер
Қаржыландыру көздері	<ol style="list-style-type: none"> 1. Республикалық, жергілікті бюджеттің немесе бюджеттен тыс қорлардың қаражатын қарастыру. 2. Демеушілік арқылы қаржыландыру.
Өткізілетін орны	Астана қаласы әкімдігінің «Әдістемелік орталығы» МКҚК, «№64 мектеп-лицейі» ШЖҚ МКК «Қ.О. Бітібаева ғылыми-әдістемелік зертхана бөлімшесі» кабинеті, мекенжайы: Ғ. Мүсірепов к., 15; «№72 мектеп-лицейі» ШЖҚ МКК

Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген мұғалімі, «Құрмет» орденінің иегері, 100-ге тарта ғылыми-әдістемелік мақалалар мен 32 оқу-әдістемелік кітаптың авторы Қ.О. Бітібаеваның «Ой тастау, ойланту, ойлау» қазақ тілі мен әдебиетін оқыту әдістемесі мен технологиясын жетілдіруге қосқан ерен еңбегі мен жаңашыл ізденістері, ғылыми-әдістемелік оқу құралдары, оқулықтары, кітаптары, мақалалары оқу кабинетінде жинақталған аса қомақты әрі құнды тәжірибесінен туындаған сан мыңдаған дидактикалық материалдары, көрнекіліктері ауыз әдебиетінен бастап қазіргі әдебиеті оқытудың авторлық бағдарламасы мен оны әлем әдебиетімен байланыстыра оқыту аясында ұзақ жылдардағы зерттеулері мен тәжірибесін қолдану – әдіснамалық зерттеулердің инновациялық-педагогикалық жаңа нысаны болып табылады.

Осыған орай, Астана қаласы Білім басқармасының №64 мектеп-лицейде 2011 жылдың 14 желтоқсанында ашылған ғылыми-әдістемелік зертхана бөлімшесінің №1205 бұйрығы мен №72 мектеп-лицейінде ашылған Қ.О. Бітібаеваның оқу кабинетінің 2016 жылғы 1 тамыз №251 бұйрықты негізге ала отырып, шығармашыл қазақ тілі мен әдебиеті пәні педагогтері арасында Қ.О. Бітібаеваның қазақ тілі мен әдебиеті пәнін оқыту әдістемесі мен технологиясын жетілдіру, насихаттау, жандандыру мақсатында Астана қаласы әкімдігінің «Әдістемелік орталығы» МКҚК әдіскері Ж. Маманның ұйымдастыруымен «Бітібаева әдістемесі» шығармашылық тобы құрылды.

Тұжырымдама Қ.О. Бітібаеваның іс-тәжірибесін жаңғыртуды жүзеге асыруда ресми құжат болып табылады. Қазіргі білім беру мазмұны аясында қазақ тілі мен әдебиеті пәнін оқу бағдарламасы мен Қ.О. Бітібаеваның қазақ әдебиеті пәнін оқытудағы басты бағыты да – білім алушылардың ақыл-ой қабілеті мен тұлғалық қасиеттерінің қалыптасуына, тілдік-эстетикалық талғамдарының дамуына, коммуникативтік құзыреттіліктерінің жетілдірілуіне іргетас қалап, өмірлік дағдыларын шыңдауына, өздігінен білім алуларына мүмкіндік туғызу, білім алушыларды креативті ойлауға бағыттау.

Шығармашылық топ жұмысы аясында «Қазақ тілі» және «Қазақ әдебиеті» сабақтарында оқу мақсатына сай тапсырмалар құрастыруда Қ.О. Бітібаеваның технологияларын негізге ала отырып, өз тәжірибелерін жинақтап, саралай келе, қазақ тілі мен әдебиетін жаңаша оқыту мәселелер айналасында ізденуді бағыт етіп, әдістемелік құралдар, бағдарламалар, қазақ әдебиетін ұлттық рухани қазына деңгейінде көтеруде тың жолдарды ізденуді басшылыққа алады. Шығармашылық топ ЖОО-ны ғалымдары, ұстаздың шәкірттерімен бірлесіп жұмыс жоспарына сай ғылыми тұрғыда әдістемелік кеңес алу, беру мақсатында

Қ.О. Бітібаева технологияларын түсініп талдау, жинақтау, сауалнама жүргізу, оқу мақсаттарына негізделген тапсырмалар құрастыру жұмыстарын талқылау, талдау, жүйелеу үшін кездесу, дөңгелек үстел, шебер сынып тб шаралар өткізу.

Қ.О. Бітібаева технологиясы бойынша шығармашылық топ мүшелерінің зерттеу тақырыптары

№	Тақырыптар	Жауаптылар	Мектебі
1.	«Ой тастау, ойланту, ойлау» технологиясы қазіргі сабақта	Адилбекова Жанар Советхановна	№72 мектеп-лицей
2.	Әдеби шығармаларды оқып-үйренудің әдіс-тәсілдері	Көки Жұлдыз	№26 мектеп-гимназия
3.	Әдеби шығармаларды проблемалық талдау жолдары	Букенова Гаухар Асканбекқызы	№64 мектеп-лицей
4.	Эпикалық шығармаларды оқыту әдістемесі	Жазыбек Ештанаев	№68 мектеп-гимназия
5.	Әңгіме жанрын оқыту әдістемесі	Амангелдинова Айгуль Кабдешовна, Каражигитова Бағдат	№85 мектеп-лицей
6.	Ертегілерді оқыту әдістемесі	Ондыбаева Айжаркын Кузенбаевна	№64 мектеп-лицей
7.	Батырлар жырын оқыту әдістемесі	Нұргүл Даривхан	№93 мектеп-лицей
8.	Лириканы оқыту әдістемесі	Қабдеш Гультур	№52 мектеп-гимназия
9.	Поэма-дастандарды оқыту әдістемесі (Ежелгі дәуір әдебиеті)	Жакишева Мейрамгуль Кенжегалиевна	№59 мектеп-лицей
10.	Драмалық шығармаларды оқыту әдістемесі	Шотпаева Алтынгүл Бахреденовна	№64 мектеп-лицей
11.	Әдеби-теориялық ұғымдарды оқыту әдістемесі	Сегізбаева Сандуғаш	№ 73 мектеп-лицейі
12.	Ауызша және жазбаша тіл шеберлігіне баулу	Абилдаева Гулфира Жанабековна	№30 мектеп-гимназия
13.	Оқушыларды ғылыми-зерттеу жұмысына баулу жолдары	Сыздыкова Даржан Жумагазиевна	№67 Гимназия
14.	Мұғалімнің оқушыға ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізуге бағыт беру технологиясы	Оралбаева Жанар Жамалбаевна	№30 мектеп-гимназия
17.	Сабақ үлгілері мен түрлеріндегі тіл дамыту жұмыстары	Макадиева Гаухар Кабылкановна	№60 мектеп-лицей

